



@ILE_AKIMAT
@ILE_TANY



№35 (5196)

Алматы және Жетісу облыстық
қоғамдық-саяси апталық

28

тамыз (жұма)
августа (пятница)

2026

жыл
год

Алматинская-Жетысуская областная
общественно-политический еженедельник

КӨКТЕРЕК АУЫЛЫНДА 24 ОТБАСЫҒА ЖАҢА БАСПАНАЛАРДЫҢ КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



үй – ең алдымен отбасының алаңсыз өмірі мен балалардың жарқын болашағына жасалған мүмкіндік. Іле ауданында тұрғын үй мәселесін шешу бағытындағы жұмыстар мұнымен тоқтамайды. Жыл соңына дейін тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға тағы 200 арендалық және 88 кредиттік үй беру жоспарланып отыр.

Бұл жоспар тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтардың баспана мәселесін кезек-кезеңімен шешуге мүмкіндік береді. Әрбір берілген баспана – бір отбасының тұрмысын жақсарту ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам.

Көктерек ауылындағы қуанышты шараға қатысқан жаңа қоныс иелері үшін бүгінгі күннің орны бөлек. Бірнеше жыл бойы баспана күтумен келген отбасылар жаңа үйдің табалдырығын аттап, өздерінің қуаныштарын жақындарымен бөлісті.

«Бұл күнді отбасымызбен ұзақ күттік. Өз үйіңнің кілтін қолыңа алу – сөзбен айтып жеткізу қиын сезім. Енді балаларымыздың өз үйі, өз бөлмесі бар. Біз үшін бұл үлкен қуаныш әрі жаңа өмірдің бастауы. Осындай мүмкіндікке қол жеткізгенімізге өте қуаныштымыз», – деді жаңа қоныс иелерінің бірі.

Бұл сөздің астарында баспана күткен талай отбасының арманы мен үміті жатыр. Себебі баспана – төрт қабырға ғана емес. Ол – отбасының тыныштығы, балалардың балалық шағы ететін мекен, қуаныш пен мұңды бөлісетін ортақ шаңырақ.

Жаңа үйдің кілтін алған әр отбасының жүзіндегі қуаныштан осыны анық аңғаруға болады. Бірі балаларының болашағын ойласа, енді бірі жылдар бойы күткен арманым орындалды деп қуанды. Барлығына ортақ тілек – жаңа шаңырақтың берекесі мен бірлігі.

Көктеректегі бүгінгі салтанат 24 отбасы үшін жаңа мекенжай ғана емес, жаңа өмірдің алғашқы парағын ашқан ерекше күн болды. Жаңа баспаналардың әрқайсысында енді отбасы жылуы орнап, жаңа естеліктер қалыптасады. Үйлерге жан кіріп, шаңырақтарға шаттық ұялап, балалардың күлкісі естілмек.

Тұрғын үй – әлеуметтік қолдаудың ең маңызды бағыттарының бірі. Осы орайда Іле ауданында баспанаға мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтуға бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп келе жатқаны қуантады.

Көктерек ауылындағы 24 отбасының қуанышы – осы еңбектің нақты нәтижесі. Бүгін қолдарына үй кілтін алған азаматтар енді жаңа шаңырақтарында жаңа жоспарларын жүзеге асырып, болашаққа сеніммен қадам басады.

Жаңа қоныс иелерінің қуанышы аудан тұрғындарының ортақ қуанышына айналды. Себебі әрбір жаңа шаңырақ – елдің әлеуметтік әл-ауқатының артып келе жатқанының белгісі.

Қоныстарыңыз құтты болсын! Жаңа үйлеріңізден береке кетпей, шаңырақтарыңыз биік, керегелеріңіз кең болсын!

Іле ауданында кәсіпкерлік пен инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табуда. Соның айқын бір көрінісі – Байсерке ауылдық округінде жаңа сауда үйінің пайдалануға берілуі. 21 тамыз күні салтанатты түрде ашылған заманауи нысанға 600 млн теңге инвестиция тартылып, нәтижесінде 35 жаңа жұмыс орны құрылды.

Жаңа сауда үйінің ашылуы – тек кезекті сауда нысанының іске қосылуы ғана емес, ауылдық аумақтың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Өйткені жаңа нысан тұрғындарға қажетті тауарларды жақын жерден, заманауи әрі қолайлы жағдайда сатып алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, жергілікті халық үшін тұрақты еңбек көзін қалыптастырып отыр.

Сауда үйінде Small Food дүкені жұмыс істейді. Заманауи талаптарға сай жабдықталған нысан Байсерке ауылының ғана емес, оған іргелес елді мекендердің тұрғындарына да қызмет көрсетеді. Бұл өз кезегінде күнделікті тұтыну тауарларына қолжетімділікті арттырып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Жобаның жалпы инвестициялық көлемі

мүмкіндік. Осы тұрғыдан алғанда, Байсеркедегі жаңа сауда нысанының маңызы айрықша.

35 жаңа жұмыс орнының ашылуы – жобаның әлеуметтік маңызын айқындай түседі. Тұрақты жұмыспен қамту – халықтың табысын арттырудың ғана емес, отбасының әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз етудің де маңызды факторы.

Бір нысанның іске қосылуы аудан экономикасына тікелей және жанама әсер ететін бірнеше тетікті қатар іске қосады: еңбек нарығы жанданады, халыққа көрсетілетін қызмет түрлері көбейеді, сауда айналымы артады, жергілікті кәсіпкерлікке жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Іле ауданы – Алматы агломерациясына жақын орналасқан, экономикалық әлеуеті жоғары өңірлердің бірі. Сондықтан мұнда жаңа инвестициялық жобаларды іске асырудың маңызы зор. Кәсіпкерлік нысандардың көбеюі ауданның экономикалық белсенділігін арттырып, елді мекендердің инфрақұрылымдық және әлеуметтік дамуына да оң ықпал етеді.

Байсерке ауылдық округінде ашылған

АУЫЛҒА КЕЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯ: БАЙСЕРКЕДЕ ЗАМАНАУИ САУДА ҮЙІ АШЫЛДЫ

600 млн теңгені құрайды. Мұндай ауқымды қаржының жергілікті жерге бағытталуы – ауданның инвестициялық тартымдылығы артып келе жатқанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Бүгінде инвестиция – кез келген өңірдің экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күштерінің бірі. Жеке қаржының жаңа нысандарға салынуы арқылы өндіріс пен сауда жанданып, қызмет көрсету саласы кеңейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады. Ал мұның барлығы түптеп келгенде тұрғындардың әл-ауқатына оң әсер етеді.

Байсеркеде бой көтерген жаңа сауда үйі де осы үдерістің нақты нәтижесі. Бір ғана жобаның аясында 35 адамның тұрақты жұмыспен қамтылуы – ауыл тұрғындары үшін маңызды мүмкіндік. Бұл әсіресе еңбекке қабілетті азаматтардың өз елді мекенінде жұмыс істеуіне жағдай жасап, ауданның еңбек нарығына серпін береді.

Соңғы жылдары ауылдық елді мекендердің келбеті де өзгеріп келеді. Бұған жол, әлеуметтік нысандар, инженерлік инфрақұрылыммен қатар, заманауи кәсіпкерлік нысандарының ашылуы да әсер етуде.

Жаңа сауда үйі – осы өзгерістің бір белгісі. Кәсіпкерлік нысанның ашылуы ауылдағы іскерлік белсенділіктің артуына жол ашып, басқа да инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін оң мысал қалыптастырады.

Салтанатты ашылу рәсімінде жаңа нысанның аудан экономикасына қосар үлесі, инвестиция тартудың маңызы және жаңа жұмыс орындарын құрудың өзектілігі атап өтілді. Жиын барысында мұндай жобалардың ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыруға ықпал ететініне назар аударылды.

Өйткені елді мекеннің дамуы тек жаңа ғимараттардың бой көтеруімен өлшенбейді. Оның басты көрсеткіштерінің бірі – адамға жасалған жағдай, жаңа жұмыс орындары, сапалы қызмет пен кәсіпкерлікке берілген



жаңа сауда үйі – осы бағыттағы жұмыстардың нақты жемісі. 600 млн теңгенің инвестициясы мен 35 жаңа жұмыс орны – жоба ауқымын айқындайтын негізгі көрсеткіштер болғанымен, оның мәні бұл цифрлардан әлдеқайда кең.

Бұл – ауылға келген жаңа мүмкіндік. Бұл – жергілікті тұрғынға жақын қызмет. Бұл – кәсіпкерлікке көрсетілген сенім. Ең бастысы, бұл – ауданның экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған нақты қадам.

Алдағы уақытта да Іле ауданында инвестиция тарту, жаңа кәсіпкерлік нысандарын іске қосу, өндіріс пен қызмет көрсету салаларын дамыту және тұрақты жұмыс орындарын құру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру көзделуде.

Байсеркедегі жаңа сауда үйінің ашылуы – осындай игі бастамалардың бірі ғана. Бүгінгі 600 млн теңгелік инвестиция ертеңгі жаңа жобаларға жол ашып, ауданның кәсіпкерлік картасын кеңейте түсері анық. Өйткені әрбір жаңа нысан – жаңа мүмкіндік, әрбір жаңа жұмыс орны – бір отбасының тұрақтылығы, ал әрбір инвестиция – өңірдің ертеңіне салынған сенімді капитал.

Карима ДАУТҚАН

Өз тілшіміз

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ALG Company» АҚ барлық мүдделі тұлғаларды 07. 09. 2026 ж. 10 жұмыс күні ішінде <https://ndbecology.gov.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізу туралы хабарландырады, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев, 10 Е көшесі. Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «ALG Company» АҚ, БСН 130640017180, заңды мекенжайы: 050011, ҚР, Алматы қаласы, Түркісіб ауданы, Сүйінбай даңғылы, 258 В. Толық ақпаратты +7 747 414 57 85 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ҚО ТРЖ ҰДБ (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарымен қабылданады.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы е.мәі: priroda_alm@bk.ru Пошта мекенжайы: 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, үй 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Байланыс телефондары: 8 (72823) 2-96-83.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО «ALG Company» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 07.09.2026г. в течении 10 рабочих дней. на портале <https://ndbecology.gov.kz> состоятся Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», по адресу: Алматинская область, Илийский район, п. Боралдай, ул. Менделеева 10 Е. Заказчик и разработчик проекта: АО «ALG Company», БИН 130640017180, юридический адрес: 050011, РК, город Алматы, Турксибский район, проспект Сүйінбай, 258 В. Для подробной информации обращаться по телефону +7 747 414 57 85. Замечания и предложения принимаются на НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов) в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения».

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, е.мәі: priroda_alm@bk.ru Почтовый адрес: 040800, город Конаев, улица Құрылысшы, дом 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Контактные телефоны: 8 (72823) 2-96-83.

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылғы 05 қазанда сағат 11:00-де мына мекенжай бойынша: Алматы облысы, Алатау қаласы, Жаңаталап ықшамауданы, Есіл көшесі, 2-үй, №11 Мектеп акт залында «ВіКаТом»/«БиКаТом» ЖШС медициналық және басқа да қалдықтарды кәдеге жарату кәсіпорны үшін әзірленген «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды.

Бастамашы: «ВіКаТом»/«БиКаТом» ЖШС, БСН 121 140 013 973, телефон: 8 (727) 354 77 53, электрондық мекенжай: bikatom@mail.ru. Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «ЭкоПром Мониторинг» ЖШС, БСН 130840015756, телефон: 8(727)273-16-91, электрондық мекен-жай: eko_prom@bk.ru.

Жергілікті атқарушы орган: Алматы облысы Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды

реттеу басқармасы, телефон: +7 (72772)2 32 27, электрондық мекенжай: priroda_alm@bk.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін жоба бойынша құжаттама Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында ndbecology.gov.kz және Алматы облысының ЖАО сайтында орналастырылған www.gov.kz/memleket/entities/almobl.

Қосымша ақпарат алу үшін телефон: 8(705)331-34-44, электрондық мекен-жай: antonkrylov@mail.ru.

Zoom платформасындағы видео-байланыс:

<https://us05web.zoom.us/j/88193636901?pwd=asIMjddnUzy997KnmyuUTw29qbOjOx.1>

Конференция идентификаторы: 881 9363 6901

Кіру коды: 8upvту

ОБЪЯВЛЕНИЕ

05 октября 2026 года в 11:00 ч. по адресу: Алматинская область, г. Алатау, мкр. Жанаталап, ул. Есіл, д.2, Школа №11, актовый зал, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по разделу «Охрана окружающей среды», разработанному для предприятия по утилизации медицинских и других видов отходов ТОО «ВіКаТом»/«БиКаТом».

Инициатор: ТОО «ВіКаТом»/«БиКаТом», БИН 121 140 013 973, телефон: 8 (727) 354 77 53, электронный адрес: bikatom@mail.ru.

Разработчик проектной документации: ТОО «ЭкоПромМониторинг», БИН 130840015756, телефон: 8(727)273-16-91, электронный адрес: eko_prom@bk.ru.

Местный исполнительный орган: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, тел:

+7 (72772)2 32 27, электронный адрес: priroda_alm@bk.ru.

Для предоставления замечаний и предложений документация по проекту размещена на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов ndbecology.gov.kz и на сайте МНО Алматинской области www.gov.kz/memleket/entities/almobl.

Телефон для получения дополнительной информации: 8(705)331-34-44, электронный адрес: antonkrylov@mail.ru.

Видеоконференцсвязь на платформе Zoom:

<https://us05web.zoom.us/j/88193636901?pwd=asIMjddnUzy997KnmyuUTw29qbOjOx.1>

Идентификатор конференции: 881 9363 6901

Код доступа: 8upvту

Михайловны, умершей 10. 05. 2016 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Караой, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Караойского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью Жолдасбаевой Айман Окасовны, умершей 15. 02. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиевой по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащибулак.

В связи со смертью Айтакинова Алдабергана, умершего 05. 06. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 4 (четырёх) месяцев со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ч. В. Рашидиновой по адресу: с.Отеген батыр, ул. 3.Батталханова, №17.

Алматы облысы Іле ауданының және Алатау қаласының біріктірілген қорғаныс істері бөлімі

ЗАПАСТАҒЫ ОФИЦЕРЛЕРДІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ ШАҚЫРАДЫ

Қазақстан Республикасы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 32-бабына сәйкес.

Толық ақпарат алу үшін:
Алматы облысы
Іле ауданы Өтеген батыр
Титова 30

Байланыс телефондары:
8 727 52 200 85

ЕЛІМІЗДІ ҚОРҒАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ!

ТАЖІРИБЕНДІ ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІҮШІН ПАЙДАЛАНЫ!

ҚАРЬЕРАНДЫ ЖАЛҒАСТЫР!

ТУРАҚТЫЛЫҚ, КЕПІЛДІК, ӘДІЛЕТТІК ҚОРҒАУ

ІЛЕ АУДАНЫНДАҒЫ ФУТБОЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТАРТЫС ЖАЛҒАСУДА

ІЛЕ АУДАНЫ ФУТБОЛ ЧЕМПИОНАТЫ

15-ТУРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

АҚСАЙ	3:0	БАЙКЕНТ	ТЕХНИКАЛЫҚ ЖЕҢІС
ӨТЕГЕН БАТЫР	4:0	АЩЫБҰЛАҚ	
АҚШИ	3:0	БОРАЛДАЙ	
БАЙСЕРКЕ	8:0	ҚАРАОЙ	
АСҚАР ТОҚПАНОВ	11	15-ТУРДА ДЕМАЛДЫ	

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Іле ауданында өтіп жатқан футболдан аудан чемпионаты қызу қарқынмен жалғасып келеді. Кезекті 14-тур да тартысты кездесулерге толы болып, командалар жеңіс жолында бар күшін салды. Турнир мәресіне жақындаған сайын әрбір ұпайдың маңызы артып, бәсеке де күшейе түсуде.

14-турда «Ақсай» командасы «Байкентті» 3:0 есебімен жеңіп, маңызды үш ұпайға қол жеткізді. Ал «Өтеген батыр» футболшылары «Ащыбұлақтан» 4:0 есебімен басым

түсті.

«Ақши» командасы да өз кездесуінде сәтті өнер көрсетіп, «Боралдайды» 3:0 есебімен ұтты. Турдың ең ірі нәтижесі «Байсерке» мен «Қараой» арасында сегіз гол соғып, 8:0 есебімен жеңіске жетті.

Ал «Асқар Тоқпанов» командасы 14-турда ойын кестесіне сәйкес демалыста болды.

Аудан чемпионатына қатысып жатқан командалар әр тур сайын өз шеберліктерін шыңдап, алаңда жоғары дайындық пен жеңіске деген жігерін көрсетіп келеді. Жарыс жас спортшылардың тәжірибесін арттырып қана қоймай, аудан тұрғындары арасында бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын насихаттауға ықпал етуде.

Футбол – тәртіп пен жауапкершілікті талап ететін спорт. Ойын ережесін сақтау, қарсыласқа құрметпен қарау және әділ бәсекені ұстану – чемпионаттың басты қағидалары. Бұл ретте спорттағы тәртіп «Заң мен тәртіп – қауіпсіз қоғамның негізі» қағидатының нақты көрінісі бола алады.

Чемпионаттың шешуші кезеңі жақындаған сайын командалар арасындағы бәсеке де қыза түспек.

Өз тілшіміз

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью Токашова Ахмета Куанышбаевича, умершего 06. 08. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ж. Т. Абдрахманову по адресу: с. Караой, ул. Тың дала, №9 (здание акимата Караойского с/о), 1 этаж.

В связи со смертью Тойлыбаева Каната Маратовича, умершего 25. 06. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ф. Т. Касымову по адресу: п. Боралдай, ул. Бостанова, №27 «А».

В связи со смертью Лукьяновой Веры

Меншік иесі: «Іле таны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Директор-бас редактор - РЫМЖАНОВ БАҚТИЯР ТАЛҒАТҰЛЫ

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,
№КЗ30VPRY00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №35 Осы шығарылымның таралымы - 10050